

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 8D023- Тіл және әдебиет,  
8D022- Гуманитарлық ғылым кадрларды даярлау бағытындағы философия  
докторы (PhD) бейіні бойынша 6D021200, 8D02208 – Түркітану, 6D020700 – Аударма  
ісі мамандықтары доктор дәрежесін беруге арналған диссертациялық кеңестің  
2021 жылғы жұмысы туралы**

### ЕСЕБІ

**1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.** Есеп беру кезеңінде диссертациялық кеңестің алты отырысы өткізілді, оның екеуі диссертацияны қорғауға арналды.

**2. Диссертациялық кеңес мүшелері диссертациялық кеңес мәжілісіне толық қатысты.**

**3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.**

### Қорғалған жұмыстар

№	Докторанттың Т.А.Ә.	Мамандықтың шифры және атауы	Ғылыми кеңесшілері (Т.А.Ә.), дәрежесі, жұмыс орны)	Оқу орны
1	Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич	6D021200 – Түркітану	Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, қаумд. профессор, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және Өнер институты (Алматы қ., Қазақстан), мамандығы 10.01.02-қазақ әдебиеті.  Хасанов Нодирхон Дадахонович – филология ғылымдарының докторы, Карабюк университетінің профессоры (Карабюк, Түркия), мамандығы 10.01.02-өзбек әдебиеті	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
2	Буркитбаева Шынарай Дубировна	6D021200 – Түркітану	<u>Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлі</u> филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі (Алматы қ., Қазақстан), мамандығы 10.01.06 – Азия және Африка елдері әдебиеті.  Хатиже Ширин Усер, PhD докторы, профессор (Измир қ., Түркия ), мамандығы 30331 – түркі тілдері және әдебиеттері	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

**4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:** қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау; диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы; диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Кенесте қарастырылған диссертациялар Түріксой, Шетел филологиясы және аударма ісі кафедраларында дайындалған салалық бағдарламалардың аясында орындалды: «Мәдени Мұра», «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» ҚР жетекші мемлекеттік бағдарламалары міндеттерімен тікелей байланысты.

**Таджиев Хамидулла Хабибуллаевичтің** «Қазақ және өзбек әдебиеттерінде діни-ағартушылық идеялардың көркем бейнеленуі (XIX ғасыр – XX ғасыр басы)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қазақ-өзбек әдебиетінде қоғамды Ислам дінінің көмегімен ағартуды мақсат еткен әдебиет өкілдерінің шығармаларындағы діни-ағартушылық идеяларды ешбір идеологиялық қоспаларсыз, таза ғылыми көзқараспен талдауға, осы кезеңнің тарихи-әлеуметтік сипатын ашып беруге арналды. Диссертациясының өзектілігі XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы ислами әдеби шығармаларды зерделеу мен түркітану тұрғысынан салыстырмалы талдау жасау және олардың тақырыптық-идеялық және жанрлық сипатын айқындау арқылы классификациялауынан көрінеді. Қазақ-өзбек халықтары әдебиетінде идеологиялық құрал қызметін атқарған ислами әдебиет үлгілері салыстырмалы зерттелді. Әдебиет теориясы тұрғысынан ислами әдеби жәдігерлердің қоғамға жасаған әсері мен сөз өнерін дамытудағы маңыздылығы айқындалды.

Диссертацияда мынадай жаңа нәтижелер алынды:

– XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ-өзбек халықтары әдебиеті тұтас қарастырылып, көркем мәтіндердегі ақиқат болмысты концептуалды бейнелеудің үдерісі саяси-әлеуметтік, діни-мәдени бағыттарындағы ортақ сипаттарымен байланыстыра отырып дәлелді фактілермен дәйектелген.

– қазақ-өзбек халықтары басына төнген ортақ қауіп – патшалық Ресейдің отарлау саясаты болғаны белгілі. Зерттеу жұмысы бұған дейін қазақ-өзбек әдебиетінде тұтас қарастырылмаған әдебиеттегі империализмге қарсы күрес тақырыбын қарастырады.

– қазақ-өзбек халықтары империалистік саясатқа қарсы ұстанған бірден-бір рухани қару – Ислам діні болғаны белгілі. Міне, осы рухани қарудың бір тетігі ислами әдебиет ретінде бұл халықтардың қалыптасуында ерекше рөл атқарды. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы бауырлас халықтар әдебиетіне ерекше әсер еткен ислами шығармалардың поэтикасы жүйелі түрде талданған.

– бүгінге дейін қарастырылған диссертациялық жұмыстарда ислами-ағартушылықты мақсат еткен шығармалар жеке ақындар шығармашылығы аясында талданса, бұл зерттеу жұмысында қазақ-өзбек ақындарындағы діни шығармалардың идея-тақырыптық және жанрлық сипаты тұтастай зерделенді.

– XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ-өзбек халықтары әдебиетіндегі діни-ағартушылық идеялардың көркем бейнеленуі салыстыру, жинақтау, сұрыптау, жүйелеу, тұжырымдау әдістері арқылы жүйеленіп, ақындар басты назарда ұстаған «Иман», «Ислам», «Ихсан» идеяларының көркем бейнеленуі алғаш рет кең көлемде қарастырылып дәйекті түрде тұжырымдалған.

– көркем әдеби шығармалардағы иман шарттарының бейнеленуі, соның ішінде «Таухид» мәселесі, «Пайғамбарлардың көркем әдебиеттегі бейнесі», «Қиямет қайым мәселелерінің көркем әдебиеттегі көріністері», сонымен қатар «Шариғат шарттарының жырлану ерекшелігі» мен «Ихсан» мәселелерінің көркем бейнеленуі нақты әдеби шығармаларға жасалған талдауларға негізделген. Аталған тақырыптардың зерттеліп отырған кезең әдебиетінде түркітану тұрғысынан тұтас қарастырылуы да зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы болып табылады.

Зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері бойынша 15 мақала жарияланды. Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары мен нәтижелерін түркі халықтары әдебиетінің XIX және XX ғасыр басындағы әдеби кезеңдерін оқытуда оның ішінде қазақ әдебиеті мен өзбек әдебиеті тарихына арналған курстарда, сондай-ақ дінтанушылар мен исламтанушы мамандарды дайындауға арналған оқу құралдарында қолдануға болады. Тәуелсіздігіміз тарихында Елбасының бастамасымен қабылданған «Мәдени Мұра»

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламалары ел тарихын жаңғыртуда жасалған креативті бастамалардан болды. Осы бағдарламалар аясында әдебиетші ғалымдарымыз тарапынан жүзеге асырылған «Бабалар сөзі», «Әдеби жәдігерлер», «Қазыналы Оңтүстік» сынды кезең-кезеңімен рухани-әдеби жәдігерлерімізді жаңғыртуға бағытталған жобалар жүзеге асырылып келеді. Руханият саласында оның бір көрінісі қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алатын ислами әдеби шығармаларды зерттеп-зерделеу мәселесінде жатыр, яғни аталған зерттеу жетекші мемлекеттік бағдарламалар міндеттерімен тікелей байланысты.

**Буркитбаева Шынарай Дубировна.** Диссертация тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы: тарихи таным және ұлттық бірегейлік (ахыска түріктері, өзбек, ұйғыр, татар ақындарының шығармалары бойынша)». халықтары әдебиетінің тарихи бастау негіздері – түркі қағанаттарынан қалған жазба ескерткіштер, карахандықтар, Алтын Орда, Мысыр мәмлүктері сұлтандығы, Қазақ хандығы мемлекеттерінің ортақ әдеби мұраларымен байланыстыра талдап көрсету арқылы ортақ түркілік бірегейлікті насихаттау, дәріптеу аса өзекті мәселе. Ұлттық құндылықтары, тегі, тілі, тарихы, діні, әдет-ғұрпы, болмысы бір негізден бастау алатын түркі халықтарының қазіргі Қазақстан территориясына қоныстану тарихын, халықтар басына төнген зұлмат жылдарды, мемлекет құрушы қазақ халқына айтылар алғас пен көрсетілер құрметтің өлшемін сол халықтардың өз ақындарының поэзиясы арқылы түсіндіріп, талдап көрсету зерттеу еңбектің өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысында Қазақстандағы түркі халықтары ақындарының жырларында «Мәңгілік Ел» идеологиясы және ортақ түркілік ұлттық құндылық мәселелерінің насихатталуы сараланды. Бастауын ескі түркі ескерткіштері, орта ғасыр шығармалары, Қазақ хандығы дәуіріндегі шығармалардан алған түркі поэзиясы әрқашан азаматтық-отаншылдық, ортақ түркілік ұлттық бірегейлік сарындағы жырларымен әдеби дамудың ортақ сипатын, ортақ түркілік болмысын көрсетіп келетіндігі айқындалды. Қазіргі Қазақстандағы түркі халықтарының ғасырлар бойы бірге өмір сүруінің нағыз тарихи негізі Алтын Орда мемлекетінің тұтастай жалпытүркілік сипатта болуымен байланыстырылды. Өйткені, Дәшті Қыпшақ жерінде құрылып, қыпшақ тілін қолданған Алтын Орда дәуірінде түркі халықтары әдебиеттерінің өзара ықпалдастық арнасы қазақ сөз өнері дамуы үдерісіне басымырақ жинақталған. Әлем халықтарының фольклор мұралары мен әдебиет шығармаларының қатарында түркі халықтарының талай мыңжылдықтар бойы қалыптасқан сөз өнері дәстүрінің де ұлттық сипат ерекшеліктерін сақтап қазіргі заманғы өркениет кеңістігінде лайықты орынымен бағалана беретіндігі айқындалды.

Диссертацияда мынадай жаңа нәтижелер алынды:

- Зерттеу еңбекте Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы тұңғыш рет кезеңдерге бөлініп, жүйеленіп, ақындары танылып, шығармалары талданып, қазақ тілінде зерттелді.

- Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының түпкі ортақ әдеби негіздерінің сақталуындағы және әрқайсысының өзіндік ұлттық сипатпен даралана дамуындағы тарихи-мәдени өзгешеліктер сараланды.

- Ахыска түріктері, өзбек, татар, ұйғыр ақындары шығармаларына тән түркілік рух пен болмыс, ортақ түркілік ұлттық бірегейлік концепциясы талданды.

- Қазақстан мемлекетінде өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясының Қазақстан халықтары әдебиеті дамуы үдерісінде алатын орны айқындалды.

- Қазақстандағы түркі халықтары ақындарының жырларында «Мәңгілік Ел» идеологиясы және ортақ түркілік ұлттық құндылық мәселелерінің насихатталуы зерделенді.

Зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері бойынша 12 мақала жарияланды. Жұмыстың нәтижелері Қазақстан Республикасы және туысқан түркі халықтары әдебиеттері мәселелеріне арналған отандық әдебиеттануда жинақталған ғылыми-теориялық еңбектер қатарын толықтыра алады. Сонымен бірге, Қазақстандағы түркі халықтары әдебиеті бойынша бұрын жүйеленбеген, арнайы зерттеліп қарастырылмаған

жаңа 10 әдеби-теориялық тұжырымдар бағалылығын танытады. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы «Қазақстан халықтары әдебиеті», «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы», «Шет елдер әдебиетінің тарихы» пәндерінен оқылатын лекция, семинар, арнайы курс, арнайы семинар сабақтарында көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

**5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

Диссертациялық жұмыстар туралы пікірлерді ресми рецензенттер уақытылы ұсынып отырды. Барлық рецензенттердің пікірлері ҚР БҒМ БҒСБК талаптарына сай келеді. Диссертациялар туралы пікірлер оң болды.

Рецензенттер тарапынан формалды, сапасыз қарым-қатынас фактілері анықталмады.

**6. Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныстар.**

1. Докторанттарды мамандыққа конкурс арқылы қабылдауда бакалавр мен магистрлік мамандық шифры ескерілсе екен. Мәселен, қабылдауда қазақ филологиясы мамандығына шифры сәйкес келмейтін ағылшын тілді мамандар қабылданып жатыр, бірақ олар мамандықты меңгермегендіктен, кәсіби маман бола алмайды.

2. Докторантураға сапалы, таланты жастарды қабылдау үшін дәстүрлі емтиханмен қатар ғылыми жобалар конкурсы енгізілсе. Докторантураға түсуге үміткерлер конкурс комиссиясының алдында өзінің болашақ тақырыбы бойынша ғылыми жоба жасап, қорғауы керек, мұндай жағдай үміткерге жетекшілерімен де алдын-ала сөйлесіп, уақытын тиімді пайдалануға, болашақ тақырыбын тандауға жауапкершілікпен келуге мүмкіндік береді.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:**

	Мамандық шифры мен атауы	
	6D021200, 8D02208 – түркітану	6D020700 – Аударма ісі
Қорғауға қабылданған диссертациялар	3	2
Қараудан алынып тасталған	–	–
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	–	–
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	–	–
Пысықтауға жіберілген диссертациялар	–	–
Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар	–	–
Соның ішінде, өзге оқу мекемесінен	–	–

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

2021 жылғы «27» желтоқсан



А.Б. Салқынбай

Ж.А. Абитжанова